**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**
**Журналистика кафедрасы**
**Журналистика және ақпарат даярлау бағыты бойынша кадемиялық комитет мәжілісінің**
**№2 Хаттамасы**

**28.11.2024**

**Түркістан қаласы**

**Қатысқандар:** ф.ғ.к., доцент м.а. Бельдибекова А., ф.ғ.к., профессор Сердәлі Б., PhD Ергебеков М., аға оқытушы Сәдібеков А., оқытушы Ташимова А., оқытушы Ералиева Қ., кафедра ОПҚ.

**Күн тәртібі**

1. ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу).
2. «Медиа және кино» бакалавр деңгейінде білім беру бағдарламасын әзірлеу. ББ ішкі аудитін ұйымдастыру. ББ мазмұнына мониторинг жүргізу.
3. Дуальді оқыту жүйесі бойынша «Дара» медиа холдингімен бірлескен келісім-шарттар жасасу. ББ-ның SWOT-талдау нәтижелері бойынша бағалау, әлсіз және күшті жақтарын сараптау. Үлгерім нәтижелерін талдау, ұсыныстар әзірлеу
4. Қараша, желтоқсан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау.

**Тыңдалды:**

**АК төрағасы Қ.Ералиева.** Бүгінгі мәжілістің күн тәртібінде қолданыстағы силлабустың оқыту нәтижесі, пәннің оқыту нәтижесіне қаншалықты сәйкес келетінін қарастыру мәселесі көтеріледі. Келесі оқу жылында силлабустар ауысады, 21 беттен құрайтын болады. Осыған орай өзіміздің силлабустардың оқыту нәтижесіне баса назар аударуымыз керек. Білімгер пәнді толық оқып болған соң оқыту нәтижесіне жете алды ма, жоқ па осы мәселеге көңіл бөлу маңызды. Егер қазіргі силлабустар оқыту нәтижесіне сәйкес келмесе өзгертуге шешім қабылдануы керек. Сапа комиссиясының тексеру қорытындысы анықтайтын болады.
**Кафедра меңгерушісі А. Бельдибекова:** «Медиа және кино» бакалавр деңгейінде білім беру бағдарламасын әзірлеуге кірісуіміз керек. Қолданыстағы білім беру бағдарламасының ішкі аудитін ұйымдастырамыз. Ол үшін білім беру мазмұнына мониторинг жүргізуді қолға алуымыз қажет.
**АК мүшесі Б.Сердәлі:** Дуальді оқыту жүйесі бойынша «Дара» медиа холдингімен бірлескен келісім-шарттар жасалуда. Алдағы уақытта білімгерлердің оқу және өндірістік тәжірибеден өтуі үшін журналистика, медиа саласындағы беделді мекемелермен келісімдер жасауды жалғастыруымыз керек.

**Шешім:**

1. ББ бағдарламаларына мониторинг жасалсын, қолданыстағы силлабустардың оқыту нәтижесімен сәйкес келетінін, келмейтіні анықталсын.
2. «Медиа және кино» бакалавр деңгейінде білім беру бағдарламасын әзірлеу үшін барлық ОПҚ құрамы жұмылдырылсын. Сапа комитеті білім беру бағдарламасының ішкі аудитін ұйымдастырсын. ББ мазмұнына мониторинг жүргізілсін.

3. Дуальді оқыту жүйесі бойынша «Дара» медиа холдингімен бірлескен келісім-шарт жасалып, білімгерлер көктемгі семестрде аталған холдинг ғимаратында практикалық сабақтары өткізілсін.
4. Қараша, желтоқсан айында атқарылған іс-шаралардың нәтижелері қанағаттанарлық деп табылсын.

**АК төрағасы** **Қ.Ералиева**

**Хатшы:** **А.Ташимова**